

**Жауапкершілігі шектеулі
серіктестік
“TLEKZHAN&K”
“Смайлик” бөбекжайы**



**Товарищество с ограниченной
ответственностью
“TLEKZHAN&K”
ясли-сад “Смайлик”**

БҰЙРЫҚ №16\1-ө/к

2023ж. 01 қыркүйек айы

Орал қаласы.

ПРИКАЗ №16\1 – п/с

01 сентября 2023 г.

город Уральск.

Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны сайлаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» заңына сәйкес, бөбекжайдың дамуына қолдау көрсету, ата-аналармен және қоғамдастықпен өзара іс-қимылды нығайту мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Смайлик» бөбекжайында «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны сайлаудың үлгілік қағидаларының 2-тарау, 5-тармағына сәйкес қамқоршылық кеңестің құрамы төмендегідей болып бекітілсін:
Кеңес төрағасы: І.З.Н.Вагапов – БҚО адвокат

Кеңес мүшелері:

2.А.У.Булекова - №25 ЖОББМ, мұғалім

3.Н.Р.Иманғалиева - №25 ЖОББМ, мұғалім

4.Н.Т.Кусаинов – ҚР ҰҚК БҚО департаменті

5.А.Е.Есмағамбетов – жеке кәсіпкер

6.Б.Ж.Мурзалиева - Көліктегі полиция департаменті

7.А.К.Шаяхметова – Қалалық көпбейінді аурухана, медбике

Хатшы: Г.Ж.Джумагазиева

2. Қамқоршылық кеңес өз қызметінде бекітілген Үлгілік қағидаларды және бөбекжай жарғысын басшылыққа алып жұмыс жоспары құрылып, бекітілсін. Кеңестің отырыстары хаттамамен рәсімделіп, қабылданған шешімдер ашық түрде жарияланып отырсын. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**ЖШС «Tlekzhan&K» «Смайлик»
бөбекжайының меңгерушісі:**



Л.А.Джумабекова

Бекіттем
ЖШС «Текзһайек» «Смайлик»
бөбекжайының меңгерушісі
Л.А.Джумарбекова

2023-2024 оқу жылының қамқоршылық кеңесінің
жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Өткізу уақыты	Жауапты
1	1. Қамқоршылық кеңес ережелерімен таныстыру 2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасымен хатшы сайлау 3. Қамқоршылық кеңес жұмыс жоспарын бекіту.	Қыркүйек	Бөбекжай әкімшілігі, қамқоршылар кеңесінің төрағасы
2	1. Функционалдық міндеттердің бөлінуін бақылау - меңгеруші баяндамасы. 2. Азық-түлік жеткізілуін бақылау, диетбикенің қызметінің есебі.	Қараша	Бөбекжай әкімшілігі, қамқоршылар кеңесінің төрағасы
3	1. Аумақты абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі іс-шараларға жәрдемдесу және қаржылық қолдау. 2. Жаңа оқу жылына дайындық бойынша жөндеу жұмыстарын жоспарлау.	Сәуір	Бөбекжай әкімшілігі, қамқоршылар кеңесінің төрағасы
4	1. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру 2. Аудандық және облыстық маңызы бар конкурстарға қатысатын педагогтер мен тәрбиеленушілерді қаржыландыруға және қолдауға жәрдемдесу 3. Бөбекжай меңгерушісінің бөбекжайдың өзін-өзі аттестаттау нәтижесі туралы есебі	Мамыр	Бөбекжай әкімшілігі, қамқоршылар кеңесінің төрағасы

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізілген күні: 12.09.2023 жыл

Қатысқандар: бөбекжай меңгерушісі, қамқоршылық кеңесінің мүшелері: А.У.Булекова., Н.Р.Иманғалиева., Н.Т.Кусаинов., Н.И.Новикова., З.Н.Вагапов., Б.Ж.Мурзалиева., А.К.Шаяхметова

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, хатшысын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды (күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша): меңгеруші Л.А.Джумабекова ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті. Бөбекжайдағы құрылып отырған Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне ата-аналар, қалалық көп бейінді аурухана медбикесі, жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері, қылмыстық атқару жүйесі департаменті, ҚР ҰҚК ШҚ, БҚО адвокаты көліктегі полиция департаменті еніп отыр. Жоғарыда атап өткен үлгілік қағидаға сәйкес Қамқоршылық кеңестің өкілеттігімен таныстырып өтті.


Тыңдалды (Екінші мәселе бойынша): Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төраға сайлану қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп, Қамқоршылық кеңесінің төрағалығына Вагапов Загирді ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып бөбекжай логопед Савичева Г.Г. тағайындалды.

Тыңдалды (Үшінші мәселе бойынша): Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші Л.А.Джумабекова қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына бөбекжайдағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды бөбекжайға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, бөбекжайдағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты. Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. 2022 жылдың қыркүйек айынан 2023 жылдың мамыр айына дейін бес отырыс өткізіледі деп шешті.

Қаулы етті:

1. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ұсынысы бойынша төраға болып Вагапов Загир сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: З.Н.Вагапов
Хатшы: Г.Ж.Джумагазиева



**Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 хаттамасы**

Өткізілген күні: 23.11.2023 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

Күн тәртібі:

1. Функционалдық міндеттердің бөлінуін бақылау - меңгеруші баяндамасы.
2. Азық-түлік жеткізілуін бақылау, диетбикенің қызметінің есебі.

Тыңдалды (Бірінші мәселе бойынша): Меңгеруші Л.А.Джумабекова өз сөзінде ҚК мүшелерін топтарда функционалдық міндеттердің бөлінуін бақылау нәтижелерімен таныстырды. Тексеру мақсаты: балалардың мәдени-гигиеналық тамақтану дағдыларын тәрбиелеу арқылы салауатты өмір салты туралы құнды түсініктерді қалыптастыру бойынша білім беру процесінің тиімділігін арттыру. Тексеру нәтижесі бойынша бөбекжайдағы балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру тиісті деңгейде жүзеге асырылатыны, әр жас тобының күн тәртібі қатаң орындалатыны анықталды.

Тыңдалды (Екінші мәселе бойынша): Медбике топтарда азық-түлік жеткізілімін бақылауға талдау жүргізді. Басшы бекіткен күзгі-қысқы он күндік мәзір негізінде 4 рет тамақтану және жемістер мен шырындармен қамтамасыз ету ұйымдастырылған. Ас блогында персоналдың жеке гигиенасы ережелерін сақтау үшін қажетті жағдай жасалған. Бракераждық комиссия ай сайын азық-түліктің салынуын, тағамның топтарға бөлінуін, ас блогының санитарлық жағдайын, қоймаға жеткізілетін өнімдердің сапасын бақылайды.

Қаулы етті:

1. ҚК, ата-аналар жиналыстары, кеңестер, ата-аналарға арналған бұрыштар арқылы МДҰ-да тамақтандыруды ұйымдастыру мәселесін жүйелі түрде жариялау.
2. Ас блогындағы таразыларды жүйелі түрде тексеру.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: З.Н.Багапов

Хатшы: Г.Ж.Джумагазиева



**Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 хаттамасы**

Өткізілген күні: 23.04.2024 жыл

Өткізілген орны: «Смайлик» бөбекжайы

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

Күн тәртібі:

1. Бөбекжай аумағын абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі іс-шараларға жәрдемдесу және қаржылық қолдау көрсету мәселесі.
2. Жаңа оқу жылына дайындық бойынша жөндеу жұмыстарын жоспарлау.

Тыңдалды (Бірінші мәселе бойынша): Бөбекжай меңгерушісі сөз сөйлеп, мекеме аумағын көркейту, балалардың қауіпсіз әрі қолайлы ортада тәрбиеленуіне жағдай жасау мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді. Атап айтқанда, аумақты көгалдандыру, гүлзарлар мен жасыл желектерді көбейту, ойын аландарын ретке келтіру және серуендеу аймақтарын абаттандыру қажеттілігі айтылды.

Тыңдалды (Екінші мәселе бойынша): Бөбекжай меңгерушісі жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары туралы баяндады. Топ бөлмелеріне, дәліздерге және шаруашылық нысандарына жүргізілетін ағымдағы жөндеу жұмыстарын таныстырды. Сонымен қатар ойын жабдықтарының, жиһаздардың және санитарлық-техникалық құралдардың жай-күйіне талдау жасалды.

Сөйледі: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Вагапов З. бөбекжайдың материалдық-техникалық базасын нығайту және балалар үшін қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстардың маңыздылығына тоқталды. Кеңес мүшелері аумақты көгалдандыру және жөндеу жұмыстарына мүмкіндігінше қолдау көрсететіндіктерін білдірді.

Қаулы етті:

1. Бөбекжай аумағын абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.
2. Жаңа оқу жылына дайындық бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтау қамтамасыз етілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: З.Н. Вагапов

Хатшы: Г.Ж. Джумагазиева



**Қамқоршылық кеңес отырысының
№4 хаттамасы**

Өткізілген күні: 29.05.2024 жыл

Өткізілген орны: «Смайлик» бөбекжайы

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

Күн тәртібі:

1. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру.
2. Аудандық және облыстық маңызы бар конкурстарға қатысатын педагогтер мен тәрбиеленушілерді қаржыландыруға және қолдауға жәрдемдесу.
3. Бөбекжай меңгерушісінің бөбекжайдың өзін-өзі аттестаттау нәтижелері туралы есебі.

Тыңдалды (Бірінші мәселе бойынша): Бөбекжай меңгерушісі Л.А. Джумабекова жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жоспарын таныстырды. Жазғы кезеңде спорттық ойындар, сауықтыру шаралары, серуендер, танымдық және шығармашылық іс-шаралар өткізу жоспарланғаны айтылды.

Тыңдалды (Екінші мәселе бойынша): Меңгеруші Л.А. Джумабекова аудандық және облыстық деңгейдегі байқауларға қатысатын педагогтер мен тәрбиеленушілерді қолдау мәселесін қарастырды.

Тыңдалды (Үшінші мәселе бойынша): Меңгеруші Л.А. Джумабекова бөбекжайдың өзін-өзі аттестаттау нәтижелері туралы есеп берді. Өзін-өзі аттестаттау нәтижесі бойынша бөбекжай қызметінің мемлекеттік талаптарға сәйкес ұйымдастырылғаны атап өтілді.

Қаулы етті: 1. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары мақұлданып және бекітілсін.

2. Аудандық және облыстық маңызы бар конкурстарға қатысатын педагогтер мен тәрбиеленушілерге ұйымдастырушылық және материалдық қолдау көрсету жұмыстары жүргізілсін.

3. Бөбекжай меңгерушісінің бөбекжайдың өзін-өзі аттестаттау нәтижелері туралы есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: З.Н. Вагапов

Хатшы: Г.Ж. Джумагазиева

